

**Шектеу іс-шараларын алу және Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 қыркүйекте № 5650 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Байғанин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 96 ұсынысы негізінде, Байғанин ауданы Миялы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданы Миялы ауылдық округінің Миялы ауылының аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасынан құтыру ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шаралары жүргізілгендігіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5608 болып тіркелген, 2017 жылдың 27 шілдесінде "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Миялы ауылдық округінің әкімі*

*И.Мәнібаев*